

Саран қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 14 маусымдағы N 21/16 "Қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Саран қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 23 тамыздағы N 31/02 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 20 қыркүйекте N 1939 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Саран қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 28 сәуірдегі № 22/01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Саран қаласы әкімдігінің 28.04.2014 № 22/01 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы", 2002 жылғы 11 шілдедегі "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңдарына сәйкес Саран қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Саран қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 14 маусымдағы "Қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 8-7-138 болып тіркелген, "Спутник" 2012 жылғы 5 шілдедегі N 27 (1385), газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

мемлекеттік тілдегі қаулының 3 тармағының 1) тармақшасындағы " ата-анасының біреуіне және мүгедек баланың" сөздері "үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балалардың ата-анасының біреуіне және" сөздеріне а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылғы 1 наурыздан бастап пайда болған қатынастарға таратылады.

Саран қаласының әкімінің
міндетін атқарушы *М. Кожухов*